

**«Қазақстан халқына» қоғамдық қоры (бұдан әрі – Қор) Талдау және болжау орталығының менеджері бос лауазымына орналасуға конкурс жариялайды (2 жұмыс орны).**

**Талдау және болжау орталығы менеджерінің негізгі функционалдық міндеттері:**

1) Қордың экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар мен механизмдерді әзірлеуді қамтамасыз ету;

2) Орталықтың құзыретіне кіретін мәселелер бойынша Қордың ішкі нормативтік құжаттарын, шарттарын, келісімдерін және басқа да құжаттарын әзірлеуге қатысу;

3) Қордың қайырымдылық қызметі саласындағы мақсатты бағдарламаларды, келісімдерді сараптауға және бағалауға қатысу;

4) Қордың кешенді іс-шаралары мен даму бағдарламаларын әзірлеуге және іске асыруға қатысу;

5) қайырымдылық көмек көрсету бойынша өтінімдерді қарауға, іріктеуге және жүйелеуге қатысу;

6) Басқарма мүшелерін және құрылымдық бөлімдер басшыларын бағдарламаны/жобаны іске асыру мерзімдерінің бұзылу қаупі туралы уақтылы хабардар ету мақсатында бағдарламаны/жобаларды іске асырудың тұрақты мониторингісін қамтамасыз ету;

7) Қор қызметі мәселелері бойынша үкіметтік емес ұйымдармен, қайырымдылық ұйымдарымен, даму бағдарламаларының бастамашыларымен өзара іс-қимылды қамтамасыз ету;

8) Орталықтың құзыреті шегінде Қордың құрылымдық бөлімшелеріне және Сараптама комитеттеріне ұйымдастыру-әдістемелік көмек көрсету;

9) Қордың ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес басшылықтың тапсырмаларын орындау.

**Талдау және болжау орталығының менеджері келесі біліктілік талаптарына сай болуы керек:**

**Білімі:** мамандығы бойынша жоғары.

**Саладағы мамандығы:** экономика және (немесе) қаржы, менеджмент, техникалық мамандық немесе ақпараттық технологиялар саласында.

**Жұмыс тәжірибесі:** мамандығы бойынша жұмыс өтілі – кемінде 2 (екі) жыл.

**Талдау және болжау орталығы менеджерінің келесі білімдері мен дағдылары болу керек:**

1) қайырымдылық туралы және коммерциялық емес ұйымдар туралы заңнаманы білу;

2) қаржылық-экономикалық модельдеу және болжау білімдері мен дағдылары;

3) компанияның орта мерзімді даму жоспарларын әзірлеу бойынша білім мен дағдылар;

4) талдау және ақпаратты жүйелеу дағдылары, оның ішінде статистикалақ ақпаратты талдау қоса алғанда;

5) презентация материалдарын дайындау дағдылары.

Конкурстық іріктеуге қатысуға ниет білдірген қатысушылар Қордың электрондық мекенжайына – [hr@qazaqstanhalqyna.kz](mailto:hr@qazaqstanhalqyna.kz) келесі құжаттарды ұсынады:

1) түйіндеме;

2) білімі, біліктілігі (арнайы білімі және/немесе кәсіптік даярлығы болған жағдайда) туралы құжаттардың көшірмелері;

3) еңбек өтілін растайтын құжаттардың көшірмелері (еңбек кітапшасы немесе бұрынғы еңбек қызметін растайтын басқа да құжаттар (төмендегілердің кез келгені болуы мүмкін: тоқтатылған күні мен себебі туралы жұмыс берушінің белгісі бар еңбек шарты; еңбек шартты жасау немесе тоқтату негізінде еңбек қатынастарын растайтын жұмыс берушінің актілерінен үзінді көшірмелер; жұмыс берушінің қолы қойылған, ұйымның мөрімен куәландырылған жеке іспарақ; еңбек қызметі туралы мәліметтері бар мұрағаттық анықтаманы, аударылған міндетті зейнетақы жарналары туралы жинақтаушы зейнетақы қорының жүргізілген әлеуметтік аударымдар туралы мәліметтері);

4) еркін түрдегі ынталандыру хаты.

Конкурстық іріктеуге қатысуға ниет білдірген қатысушылар Конкурстық комиссияға ұсынылған құжаттардың дұрыстығы үшін жеке жауапкершілікте болады.

**Жоғарыда көрсетілген құжаттардың бірін ұсынбау немесе құжаттарды белгіленген мерзімнен тыс беру оларды қараусыз қалдыруға негіз болып табылады.**

Қатысушылар біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне және беделіне қатысты қосымша құжаттарды (біліктілікті арттыру туралы құжаттардың, берілген ғылыми дәрежелер мен атақтардың көшірмелері, мінездемелер, ғылыми жарияланымдар, олардың кәсіби қызметін, біліктілігін сипаттайтын өзге де мәліметтер), кәсіби қоғамдастықтарға мүшелік туралы құжаттарды ұсына алады.

Қор Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құжаттардың сақталуына және қатысушының дербес деректерінің бос лауазымға жарияланбауына кепілдік береді.

**Құжаттарды қабылдау мерзімі - 2025 жылдың 19 ақпанына дейін қоса алғанда.**